

Нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қапшағай қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 19 желтоқсандағы N 689 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментімен 2014 жылы 13 қаңтарда N 2556 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 09 қарашадағы № 599 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 09.11.2015 № 599 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес, Қапшағай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еңбек нарығындағы жағдай мен бюджет қаражатына қарай нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі келесідей белгіленсін:

екі және одан да көп ай жұмыс істемейтін адамдар;

бұрын жұмыс істемеген адамдар;

жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;

отбасында бірде-бір жұмыс істейтін мүшесі жоқ тұлғалар;

техникалық және кәсіптік оқу орындарын бітірушілер;

елу жастан үлкен тұлғалар.

2. Қапшағай қаласы әкімдігінің 2012 жылы 12 наурыздағы "Нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылы 03 сәуірдегі N 2-2-135 болып енгізіліп, "Бизнес Дайджест Қапшағая" газетінің 2012 жылдың 12 сәуірдегі N 13(186) санында жарияланған) N 120 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК